

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.04 - 21.04.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	"Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)

		(еңбек іс-әрекеті)			
	Жапсырудан ойын-жаттығу "Гүлденген ағаштар" Мақсат-міндеттер: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп, бүршік атулары жайлы білім беру. (шығармашылық іс-әрекет) «Түрлі-түсті гүл шоғы». Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру. - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіндер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін	"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап, атауын табуға үйрету. Шарты. Педагог дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп, кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі топқа бөлініп табақшадағы кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін	Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Көктемгі ағаштар" Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту. Дидактикалық ойын. «Түстері бойынша бөл». Өз еріктерімен суреттерді бояу. (шығармашылық іс-әрекет)	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Көктем көркі" Мақсат-міндеттер: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет) "Көктем" өлеңін жаттау. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді.	Пазл "Теңіздегі балықтар". Мақсат-міндеттер. Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын, жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын атап білімдерін бекіту. Ойын шарты. Теңіз балықтарының суреті бар пазлды құрау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) “Не артық” ойыны Мақсат-міндеттер: Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта

	байқадыңдар ма? Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. (әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)	естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды. (қарым-қатынас іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, таным іс- әрекеті) «Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Сөйлеу тілін дамыту. (қарым-қатынас іс- әрекеті)		Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (қарым-қатынас іс- әрекеті)	білуге үйрету. Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті)
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау) 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).				

	3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ.

	Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ц] дыбысы және Цц әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру. Қазақ тілі "Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау	Сауат ашу негіздері "[щ] дыбысы және Щщ әрпі". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Математика негіздері "Достық үйінің құрылысы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында	Математика негіздері "Достармен бөлісе біл" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру. Қазақ тілі "Достық" ертегісін баяндау. Достық	Математика негіздері "Достармен бөлісе біл" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "1 мамыр – Қазақстан	Сауат ашу негіздері "[щ] дыбысы және Щщ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ әріптерін таныстыруды қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйретуге дағдыландыру. Сурет салу "Інжугүлдер" Мақсат-міндеттер: балаларды қылқалам

	негіздері)". Мақсат-міндеттер. "Й" дыбысы мен әрпімен таныстыру. "Й" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту. Дене шынықтыру "Құм толтырылған қапшықты лақтыру жаттығуын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіруге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Қазақстандағы ұлттар мәдениеті" Мақсат-міндеттер: балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы	және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету. Музыка "Көңілді көктем келді" Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "1 мамыр – Қазақстан	дегеніміз не?". Мақсаты: Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету. Дене шынықтыру "Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығу" Мақсат-міндеттер: балаларды бірнеше қадам аттап барып бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуға үйрету. Көркем әдебиет	халқының бірлігі күні" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру. Музыка "Біз бақытты баламыз" Мақсат-міндеттер: балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Тірі және өлі табиғат" Мақсат-міндеттер:	мен мақта таяқшасымен салу техникаларын үйлесімді пайдалану іскерлігін ұштау; көктем гүлі інжугүлдің құрылым және түс ерекшеліктерін байқап, қағаз бетінде көрсете білу; қараңғы жасыл түсті араластырып жасау тәсіліне үйрету. Дене шынықтыру "Бір аяқты серпу арқылы орындыққа қарғып шығуды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды қырлы бөренелерден аттау арқылы орташа қарқынмен бір-бірлеп бір қатарда жүгіруге үйрету.
--	--	---	--	---	--

	мәліметтер жиынтығын толықтыру.	халқының бірлігі күні" Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.	"Көктем сәні" Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.	тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту.	Көркем әдебиет "Көктем сәні" (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шыбынның пайда болу ерекшеліктері, оның өмір сүруі туралы білімдерін дамыту.	Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін	Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысын	"Серуендегі қауіпсіздік". Балабақшаның алаңында мақсатты түрде серуендеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды	Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде, жер мен көктің бірлігі туралы сананы

	Зерттеу. Шыбындардың ұшуын қадағалау (ұшу ұзақтығы); шыбындардың көп шоғырланған ауданын табу (неге бұл аймақта шыбындардың көп шоғырланған және онымен қалай күресу керек). Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ас бұршақ тұқымын отырғызу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Асбұршақ отырғызу дағдыларын дамыту; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты ұста". (дене	қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кішкентай бұтақтарды жинау) Мақсат-міндеттер. Өз бетімен еңбектенуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал". Мақсат-міндеттер. Балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жүгірейік". (дене	құрметтеуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Өзіңе жұмыс тап". (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеу сезіміне тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	балабақша алаңын тексеруге шақыру, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды тамақтандыру). Мақсат-міндеттер. Құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдау; құстардың тіршілігін бақылау; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. (еңбек іс-әрекеті) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге	қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы бұтақтарды жинау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.
--	---	---	--	--	--

	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Дәлдікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру.	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Жылдамдықты, ептілікті дамыту.		жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік, шаршамайық" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалар педагог белгілеген межеге дейін қос аяқтап секіреді. Ең бірінші секіріп, орнына қайтып келген бала жеңіске жетеді.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл				

	сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап». Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау	"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Күнді ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері	Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі). Мақсат-міндеттер.	Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт". Мақсат-міндеттері.

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	және оны сипаттама бойынша тану. Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Ұлттық ойын. Хантаалапай Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық тандап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт.	балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып,	туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін) Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге). Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді	Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемокарточкалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын	Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Ойынның басында педагог балалар үшін
---	---	---	--	--	--

	Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген	оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос	көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса,	ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады. Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады. Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Қыр басына шығайық, Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет –	заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы,"Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі
--	--	--	---	---	---

жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз	аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. (дене шынықтыру) Еркін ойын: "Менің бұлтым". Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады,	оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. (дене шынықтыру) Қалаған ертегіні мазмұндау. Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-	бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. (дене шынықтыру) Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-
--	---	--	--	---

	болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан. (дене шынықтыру)	тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)		әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар,	жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы
--	---	--	--	--	---

			перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап	табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады.
--	--	--	---	--

				алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер	Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-
--	--	--	--	---	---

				ететінін анықтайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы. Тақырыбы: "Тырна". Мақсат-міндеттер. Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекет)	Жаңылтпаштар жаттау. 1. Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші ... бес пысық. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? 3. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер». Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, «Жайнар кезім келді» - деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Гүлдер, гүлдер не түрлі Құлпырды да, жетілді. (қарым-қатынас іс-	"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	

			әрекеті)		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртуіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды

	көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.				
Балалардың үйге	«Ата-аналарға	Кеңес:	Суреттер көрмесін	«Айына бір рет	"Балаға баға

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	арналған 10 кеңес».	«Саусақ жаттығулары». Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	ұйымдастыру.	отбасы күнін өткізу».	бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.
-----------------------------	---------------------	---	--------------	-----------------------	---